

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университетта

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 1 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/YYCZ8724>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/НАКА9086>

Ж. С. Мухаметжанова¹, Р. Д. Досжан²

Ж. С. Мухаметжанова³, Л. А. Куанова⁴

^{1,2,4}Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Нархоз Университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: Zhanar-kz84@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНКЛЮЗИЯ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Қаржылық инклюзия экономикалық өсуге, жұмыс орындарын құруға және дамуға ықпал ететін фактор болып табылады. Қаржылық қызметтерге қол жеткізу және оларды пайдалану отбасылар мен шағын бизнес иелеріне табыс табуға, тұрақты емес ақша ағындарын басқаруға, мүмкіндіктерге инвестиция салуға, экономикалық құлдырауға төзімділікті арттыруға және кедейлік жағдайынан шығуға көмектеседі.

Цифрландыру өз кезегінде қаржылық процестерді жақсарту және жеңілдету үшін цифрлық технологияларды пайдалануды білдіреді. Цифрландыру жағдайында экономиканың даму үрдісі қаржылық қызметтердің онлайн-платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы қол жетімді болуында. Бұл көптеген адамдарға дәстүрлі банктік қызметтерге қол жеткізе алмаса да, қаржылық қызметтерді алуға мүмкіндік береді. Цифрландыру сонымен қатар операцияларды орындауға кететін шығындар мен уақытты азайту арқылы қаржылық қызметтердің тиімділігі мен ыңғайлылығын жақсартады.

Мақалада қаржылық инклюзияны дамытудың қазіргі жағдайы қарастырылды. Банк саласындағы цифрлық қаржыландырудың даму жағдайы зерделенді. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ деректері бойынша Қазақстандағы қаржы нарықтарындағы ағымдағы жағдайы талданды. Сондай-ақ, еліміздегі қаржылық инклюзия жағдайы, мүмкіндігі шектеулі жандардың қаржыға қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы бизнестің әртүрлі санаттарына

арналған қаржылық қызметтер мен өнімдермен қамтамасыз етуді ынталандыру және дамыту мәселесі ұсынылады.

Кілтті сөздер: қаржылық инклюзия, цифрлық қаржы, цифрлық технологиялар, қаржылық қызметтер, цифрлық банк.

Кіріспе

Қазіргі әлемдегі барлық адамдар үшін қаржылық кедергілерді жою қаржылық қызметтерге қол жеткізу күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қаржылық инклюзия – бұл халықтың барлық топтарының қаржылық қызметтерге, соның ішінде банктік шоттарға, несиелерге, сақтандыруға және инвестицияларға қол жеткізуін қамтамасыз ету процесі. Қаржылық инклюзия қол жетімді қаржы институттарының жетіспеушілігі, банктік шоттардың болмауы, жоғары төлемдер мен пайыздық мөлшерлемелер, несие алудағы қиындықтар және адамдарға қаржылық қызметтерді пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін басқа мәселелер сияқты кедергілерді жоюға бағытталған [1].

Қаржылық инклюзия – бұл экономикалық даму мәселесі ғана емес, сонымен бірге әділеттілік пен теңдік мәселесі. Бұл тұжырымдаманы іске асыру әрбір адамның өз әлеуетін іске асыруға және қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізуге мүмкіндігі бар неғұрлым әділ және орнықты қоғам құруға мүмкіндік береді. Мысалы, адамдар банкке бармай немесе қолма-қол ақшаны пайдаланбай-ақ төлемдерді, аударымдарды және онлайн сатып алуды жүзеге асыра алады. Бұл үрдістің экономика үшін бірқатар оң салдары бар. Біріншіден, қаржылық инклюзия халықтың қаржылық сауаттылығы мен білімін арттыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде кәсіпкерлік пен инновацияны дамытуға ықпал етеді. Екіншіден, қаржылық қызметтерге кеңірек қол жетімділік адамдарға өз қаржысын тиімдірек басқаруға көмектеседі, бұл экономикалық өсу мен тұрақтылыққа ықпал етеді [2; 3].

Посткеңестік елдердің ғылыми әдебиеттерінде қаржылық инклюзияны сипаттау үшін бір-бірімен тығыз байланысты екі термин кеңінен қолданылады: қаржылық қызметтердің қол жетімділігі және халықтың осы қызметтерге қатысуы.

Қол жеткізу мүмкіндігі арасында айырмашылық бар, бір жағынан банктік шоттар, несиелер, сақтандыру, инвестициялар, тағы басқа қаржылық қызметтерге және екінші жағынан осы мүмкіндіктерді нақты пайдалануға мүмкіндіктің болуы. Нақтырақ айтқанда, халықтың қаржылық ресурстарды нақты пайдалану деңгейін сипаттайтын қызметтерді дамыту болып табылады [4; 5; 6].

Қаржылық инклюзияның теориялық және практикалық мәселелері ілім мен талқылаудың белсенді тақырыбы болып қала береді, оның ішінде әртүрлі халықаралық қаржы ұйымдары, атап айтсақ Дүниежүзілік Банк, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Ұлттық Банк, Халықаралық Валюта Қоры, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және т.б.

Қазіргі уақытта зерттеулер мен есептердің көпшілігі осы процестерді талдауға арналған дамушы экономикалық категория ретінде қарастырылады. Бұл көбінесе аталған елдер үшін қаржылық инклюзия экономикалық өсудің және көптеген әлеуметтік мәселелерді шешудің маңызды факторы болып табылатындығына байланысты. Сонымен қатар, осы мәселені шешу кезінде олар бірдей проблемаларға тап болады, олардың көпшілігі Қазақстанға да тән [7; 8].

Бірқатар авторлардың әдебиеттеріне шолуларға сүйене отырып, саясат пен практикаға бағытталған зерттеулердің жетіспеушілігі, сондай-ақ дамушы экономикалар контекстінде цифрлық қаржылық қызметтерге қол жетімділікті кеңейтудегі кедергілер туралы қорытынды жасауға болады.

Материалдар мен әдістер

Осылайша зерттеулер нәтижесі дамушы елдердің цифрлық қаржы қызметтері саласында қолданатын саясаты мен практикасын, сондай-ақ оларды жою жөніндегі озық шараларды айқындау үшін цифрлық қаржы қызметтеріне қолжетімділікті кеңейту жолындағы кедергілерді неғұрлым терең түсінуді қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылады. Цифрлық қаржы қызметтеріне қолжетімділікті кеңейту әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешудің, қамтамасыз етілмеген банктерге цифрлық қаржы қызметтерін көрсетудің және экономикалық дамуды ынталандырудың тиімді құралы бола алады.

Мақалада негізгі зерттеу әдістері ретінде кешенді және салыстырмалы талдау әдістері, қорытындылау және нәтижелерді талдау әдістері қолданылды. Бұл мемлекетіміздегі қаржылық инклюзияның жағдайын талдауға және қаржылық мәселелер бойынша бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстандағы қаржы құралдарының статистикалық деректерін талдау еліміздегі қаржы құралдарымен байланысты нарықтағы бағалар мен сауда көлемінің динамикасын бағалауға және ықтимал трендтерді анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуде қаржылық инклюзия деңгейін арттырудың негізгі бағыттарын қарастырамыз [9; 10; 11].

Қазақстандағы қаржы құралдары мен цифрлық қаржылық инклюзияның статистикалық деректерін талдау негізделген инвестициялық шешімдер

қабылдауға және Қазақстандағы қаржы нарықтарындағы ағымдағы жағдайын талдауға көмектеседі.

2022 жылға арналған кеңейтілген анықтамада экономикаға берілген несиелерді есепке алғанда 21,7 %-ға өсті және 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша 28,9 трлн теңгені құрады, оның ішінде 49,9 %-ы кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер, 50,1 % – халыққа тұтынуға берілген несиелер. 2022 жылы бизнеске берілген несиелер 12,9 %-ға яғни 14,4 трлн теңгеге, халыққа берілген несиелер 32,0 %-ға 14,5 трлн теңгеге артқанын 1-ші кестеден көреміз. Ұлттық валютадағы несиелер көлемі 25,0 %-ға өсіп, 26,3 трлн теңгені құрады, шетел валютасында 3,2 %-ға, 2,7 трлн теңгеге дейін төмендеді. Банк секторының несиелері несиелердің жалпы көлемінің 85,6 %-ын құрады [12].

Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы кеңейтілген анықтамадағы экономикаға берілген кредиттер (триллион теңге)

	01.01.2022	01.04.2022	01.07.2022	01.10.2022	01.01.2023
Экономикаға несиелер	23,767	24,640	25,618	26,921	28,928
оның ішінде:					
банк секторынан	20,544	21,268	22,092	23,144	24,773
басқа ұйымдардан	3,223	3,372	3,526	3,776	4,155
соның ішінде:					
ипотекалық ұйымдар	0,354	0,346	0,336	0,338	0,338
басқа квазимемлекеттік сектор субъектілері	1,491	1,492	1,543	1,709	1,739
микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар	1,377	1,534	1,647	1,729	2,078
экономикаға берілген несиелердің жалпы көлемінен					
бизнес несиелері	12,783	13,007	13,165	13,429	14,432
ұлттық валютада	10,057	10,260	10,495	10,781	11,783
шетел валютасында	2,726	2,748	2,670	2,648	2,648
халыққа несиелер	10,984	11,633	12,453	13,491	14,496
ұлттық валютада	10,967	11,615	12,442	13,483	14,491
шетел валютасында	0,017	0,017	0,012	0,008	0,006
Ескерту: [12] дереккөз бойынша автор құрастырған					

1-ші кестеге сәйкес ұлттық валютадағы бизнес несиелерінің шетел валютасына қарағанда айтарлықтай жоғары болуы елдегі бірнеше маңызды аспектілерді көрсетеді. Аймақтық артықшылықтар мен жайлылық негізінде кәсіпкерлер сол валютамен таныс және ыңғайлы болғандықтан, жергілікті валютада несие алуды қалайды. Жергілікті валютаны пайдалану әдетте айырбас бағамының ауытқуының аз тәуекелін және болжамды қаржылық жағдайларын қамтиды.

Өтімділік және қолжетімділік. Инклюзивті бизнесті дамыту Қазақстан экономикасының тағы бір маңызды стратегиялық міндетімен байланысты-шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту міндеті болып табылады.

Банк секторынан экономикаға берілген несиелер екінші деңгейлі банктер мен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ берген несиелер бойынша нақты берешек қалдықтары туралы мәліметтерді білдіреді. Мәліметтер кәсіпкерлік несиелер және халыққа берілетін несиелер санаттарын бөліп көрсету арқылы ұсынылған. Деректер 01.01.2022-01.01.2023 жылдар аралығындағы кәсіпкерлік несиелер кәсіпкерлік субъектілері (ірі, орта және шағын), ал халыққа берілетін несиелер – мақсаттылығы бойынша – ипотекалық несиелер, тұтынушылық несиелерді қамтиды [13].

Кесте 2 – Қазақстан Республикасындағы банк секторының экономикаға берілген несиелері (триллион теңге)

Банк секторынан экономикаға несиелер	I кв 2022	II кв 2022	III кв 2022	IV кв 2022
Барлығы	20,753	21,362	22,399	23,608
Оның ішінде:	0,000	0,000	0,000	0,000
Бизнеске несиелер	10,607	10,695	10,825	11,067
валюта түрі бойынша	0,000	0,000	0,000	0,000
ұлттық валютада	7,847	8,127	8,210	8,449
шетел валютасында	2,760	2,568	2,615	2,618
<i>Кәсіпкерлік субъектінің түрі бойынша</i>				
шағын	4,010	4,154	4,259	4,527
орта	1,718	1,602	1,628	1,665
ірі	4,879	4,939	4,938	4,875
Халыққа несиелер	10,146	10,667	11,574	12,541
валюта түрі бойынша	0,000	0,000	0,000	0,000
ұлттық валютада	10,128	10,651	11,565	12,534

шетел валютасында	0,018	0,016	0,009	
Несиелендірудің мақсаттары мен объектілері бойынша				
Ипотекалық несиелеу	3,338	3,613	3,955	4,358
Тұтынушылық мақсатқа	6,154	6,331	6,832	7,362
Басқа	0,654	0,722	0,787	0,820
Ескерту: [13] дереккөз бойынша автормен құрастырылған				

Кәсіпкерлік субъектілерінің түрлері бойынша 2-ші кестедегі мәліметтерден шағын және ірі бизнеске қарағанда орта бизнеске берілетін кәсіпкерлік несиелердің төмен екендігін көреміз және еліміздегі келесі аспектілерді көрсететіндігі ұсынылды.

Қаржыға қол жеткізу шектеулі. Орташа бизнес несиеге және қаржыландыруға қол жеткізуде шектеулерге тап болуы мүмкін. Банктер мен қаржы институттары неғұрлым тұрақты қаржылық жағдайы бар немесе жақсы қамтамасыз етілген шағын немесе ірі бизнеске несие беруді қалайды.

Несие беру тәуекелі. Несие берушілер орта бизнесті шағын немесе ірі бизнеспен салыстырғанда тәуекелді қарыз алушылар деп санайды. Бұл жеткіліксіз нарық көлеміне немесе нарық үлесіне, жеткіліксіз тәжірибеге немесе аз тұрақты қаржылық жағдайға байланысты болуы мүмкін.


Тұтынушылық сұраныс: Тұтыну несиелерінің жоғары көлемі елдегі күшті тұтынушылық сұранысты көрсетеді. Бұл халықтың тауарлар мен қызметтерді сатып алу, бөліп төлеу немесе әртүрлі жеке қажеттіліктерін қаржыландыру үшін несиелерді белсенді түрде пайдаланатынын көрсетеді;

Тәуекел және қолжетімділік: Жеке несиелер банктер мен қаржы институттары үшін ипотекалық несиелеуге қарағанда қолжетімді және тәуекелділігі төмен болуы мүмкін. Жеке мақсаттарға арналған несиелер әдетте қысқа мерзімге және азырақ қаражатта беріледі, бұл несие берушілер үшін тәуекелді азайтады.

Тұтыну несиелері мен ипотекалық несиелер арасындағы салыстырмалы тепе-теңдік экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторларға байланысты әр елде әртүрлі болуы мүмкін екенін ескеру маңызды. Бұл көрсеткіштер мемлекеттік саясатқа, заңнамалық базаға және қаржы секторын реттеуге байланысты.

Ұлттық қаржы жүйесінің дамуы, мұнда жергілікті валютадағы несиелердің өсуі ұлттық қаржы жүйесінің дамуын және банктердің жергілікті валютада қолжетімді және тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету мүмкіндігін көрсетеді. Бұл банктік инфрақұрылымды жетілдірудің,

Қазақстан Республикасының ұлттық қаржы секторының дамуын реттеу мен ынталандырудың нәтижесі болып табылады.




Сурет 1 – 2006-2023 жылдар аралығындағы Қазақстандағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелердің айлық көрсеткіштерінің динамикасы
Ескерту: [13] дереккөз бойынша автор құрастырған

Графикте 2006 жылдан 2023 жылға дейін өсу қарқыны байқалады. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелердің өсу тенденциясы туралы ақпарат несиелеу ұзақтығының айырмашылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Егер қысқа мерзімді несиелер белгілі бір кезеңдерде жоғары өсу қарқынын көрсетсе, бұл экономикалық жағдайдың өзгеруіне немесе елдегі қарыз алушылардың қысқа мерзімді қаржыландырудың нақты қажеттіліктеріне байланысты болуы мүмкін.

Банк ісіндегі инновациялық банк өнімдерін неғұрлым икемді, ыңғайлы және инновациялық несиелік өнімдерді ұсынумен байланыстыруға болады. Айталық, бұл онлайн несиелер, мобильді несиелер өтімдері, несиені мақұлдау және төлеудің автоматтандырылған үрдістері, жекелендірілген шарттар және несиелер процесін клиенттер үшін тиімдірек және ыңғайлы ететін басқа да инновациялық мүмкіндіктерді қамтиды.

Экономиканы несиелендірудің жалпы көлемінің өсу үрдісі банктердің қарыз алушылардың әртүрлі санаттары үшін несиелерге қолжетімділігін кеңейту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын көрсетеді. Бұл шағын және орта бизнеске, стартаптарға, инновациялық жобаларға және оларды дамыту үшін қаржыландыруды қажет ететін экономиканың басқа секторларына несиелер беруді қамтиды.

Несиелендірудің артуын несиелендіру процесінде технологиялық инновацияларды қолданумен байланыстыруға болады. Айталық, клиенттердің несиесін бағалау процесерін автоматтандыруды, тәуекелдерді дәлірек болжау үшін деректерді талдауды, транзакциялардың қауіпсіздігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін блокчейн технологиясын пайдалануды және Қазақстандағы несиелеу шарттарын дәлірек анықтау және тәуекелдерді басқару үшін жасанды интеллект пен машиналық оқытуды пайдалануды қамтуы керек. Бұл экономикалық дамуды ынталандыруға көмектеседі және еліміздің цифрлық қаржылық инклюзияның даму әлеуетіне ықпал етеді.



Сурет 2 – 2006-2023 жылдардағы бизнесті және халықты несиелендірудің айлық мәліметтерінің графигі

Ескерту: [13] дереккөз бойынша автор құрастырған

Суреттен халыққа берілген несиелермен салыстырғанда ең жоғары өсуді бизнесті несиелендірудің даму тенденциялары көрсетеді, бұдан елдегі кәсіпкерлік пен экономикалық белсенділіктің белсенді дамуы байқалатындығын атап өтуге болады. Банктер орта және ірі бизнес үшін несиелік және мамандандырылған қаржылық қызметтерге кең қолжетімділікті қамтамасыз ете алады, бұл олардың өсуі мен дамуына ықпал етеді.

Сондай-ақ, цифрлық қаржылық инклюзия өсуді қолдау елде жаңа жұмыс орындарын ашуды ынталандыруда маңызды рөл атқарады. Бизнестің бәсекеге қабілеттілігін дамыту банктердің бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесетін жаңа цифрлық қаржылық өнімдер мен қызметтерді белсенді түрде ұсынуына байланысты болады. Мұндай өнімдерге несиеле

берудің икемді шарттары, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жеңілдікті пайыздық мөлшерлемелер және бизнеске қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға және өз әлеуетін іске асыруға көмектесетін басқа да қаржылық инновациялар кіреді. Яғни, халыққа берілген несиелерге қатысты бизнесті несиелеудің өсуі банктердің кәсіпкерлікті дамытуға белсенді қолдау көрсетуге және оны инновациялық жобаларды жүзеге асыру және елдегі экономикалық өсуге қол жеткізу үшін қажетті қаржыландырумен қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсетеді.

Сондай-ақ, еліміздегі қаржылық инклюзия жағдайын, атап айтқанда мүмкіндігі шектеулі жандардың қаржыға қол жеткізудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету арқылы бизнестің өртүрлі санаттарына арналған қызметтер мен өнімдерді қаржылық қызметтермен қамтамасыз етуді ынталандыру және дамыту болып табылады.

Қорытынды

Мақалада цифрлық қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту, қаржылық инклюзияның дамуына ықпалын арттыру ұсынылды. Үкімет тарапынан цифрлық саясаттың болмауы, «қаржылық қызметтерді белсенді пайдаланбау» мәселесі, банктер тарапынан ынтымақтастықтың болмауы, халықтың оқшауланған топтарының қаржылық сауаттылығын, тиімді мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктердің болмауы, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың әлсіздігі сияқты мәселелерді жетілдіру керектігі айқындалды. Мұның салдары оқшауланған топтардың проблемаларын шешу болып табылады. Ұялы байланыс операторлары мен коммерциялық банктер мобильді ақшадан басқа мобильді несие, мобильді сақтандыру өнімдері және сандық жинақ әмияндары сияқты жеке цифрлық қаржылық қызметтерді енгізуі керек. Бұл қаржы секторында аз қамтылған және құқықтары жоқ адамдардың цифрлық қаржы қызметтерін енгізуіне ықпал ететін болады.

Қаржылық цифрлық қолжетімділіктің ағымдағы деңгейін және қаржылық инклюзияны енгізудің қолда бар қазақстандық тәжірибесін зерделеу нәтижесінде банк үшін экономикалық өсудің маңызды факторы ретінде және әлеуметтік-саяси проблемаларды шешудің тиімді құралы болып табылады. Алайда, цифрландыру қаржылық инклюзия саласында да жаңа сын-кәтерлер тудыруы мүмкін екенін ескеру қажет. Кейбір популяциялар интернетке қол жеткізе алмауы немесе цифрлық технологияны қолдану үшін жеткілікті дағдыларға ие болмауы мүмкін. Осы кедергілерді еңсеруге және қаржылық қызметтерге жалпыға бірдей қол жетімділікті қамтамасыз етуге көмектесетін бағдарламаларды әзірлеу керектігі маңызды және ұсынылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 The Inclusive Growth and Development Report 2018 // –[Electronic resource]. – <https://www.weforum.org/reports/the-inclusive-development-index-2018> (Date of access: 18.11.2023).

2 **Arun, T., Kamath, R.** Financial inclusion : Policies and practices // ИМВ Management Review. –2015. – № 27. – Р. 267–287.

3 **Диденко, С.** Финансовая инклюзия: как общество влияет на экономический рост. 13.06.2019 г. [Электронный ресурс]. – <https://ua.news/ua/finansova-inklyuziya-yak-suspilstvo-vplyvaye-na-ekonomichne-zrostannya/> (Дата просмотра: 19.11.2023).

4 **Науменкова, С., Мищенко, А.** Цифровая финансовая инклюзия: возможности и ограничения для Украины // Научный вестник Одесского национального экономического университета. – 2020. – №1–2 (274–275). – С. 133–149.

5 Вопросы развития финансовой инклюзии в Украине // –[Электронный ресурс]. – <https://www.ema.com.ua/news/chastina-persha-digital-financial-inclusion-ukrainian-agenda/2022>. (Дата просмотра: 20.11.2023).

6 **Степанюк, Е.** Зачем нужна финансовая инклюзия. Лига. Финансы. //–[Электронный ресурс]. –06.07.2018. – <https://finance.liga.net/ekonomika/opinion/ot-lozungov-k-delu-zachem-nujna-finansovaya-inklyuziya>. (Дата просмотра: 21.11.2023).

7 **Demirgüç-Kunt, A., Singer, D.** Financial Inclusion and Inclusive Growth: A Review of Recent Empirical Evidence // World Bank Policy Research Working Paper. – No. 8040. – Washington, DC: World Bank. –2017. – 27 p.

8 **Demirgüç-Kunt A., Klapper L., Singer D., Ansar S.** Global Findex Database 2017 : Measuring Financial Inclusion and the Fintech Revolution. – World Bank Group. –2018. –131 p.

9 Center for Financial Inclusion ACCION & Christian Blind Mission (CBM) // A case for Financial Inclusion of Persons with Disabilities. Technical Guidelines. – 2016. – 8 p.

10 **Cheston, S., Conde T.** The Business of Financial Inclusion: Insights from Banks in Emerging Markets // Center for Financial Inclusion at Accion. – 2016. – 66 p.

11 **Святов, С. А., Бендюк, Д. Ю.** Финансовая инклюзия : Международный опыт и Казахстанский кейс // Central Asian Economic Review. –2023. –№2(149). –С.140-152. – <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-2-140-152>.

12 Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми сайты //–[Электронды ресурс]. – <https://www.nationalbank.kz/ru/page/statistika>. (Қарау күні: 27.11.2023).

13 «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ ресми сайты [Электронды ресурс]. – <https://www.kdb.kz/>. (Қарау күні: 01.12.2023).

REFERENCES

1 The Inclusive Growth and Development Report 2018 // –[Electronic resource]. –<https://www.weforum.org/reports/the-inclusive-development-index-2018> (Date of access: 18.11.2023).

2 **Arun, T., Kamath, R.** Financial inclusion: Policies and practices. IIMB Management Review. 2015. № 27. P. 267–287.

3 **Didenko, S.** Finansovaja inkljuzija : kak obshhestvo vlijaet na jekonomicheskij rost [Financial inclusion : how society influences economic growth] [Electronic resource]. – 13.06.2019. – <https://ua.news/ua/finansova-inkluziya-yak-suspilstvo-vplyvaye-na-ekonomichne-zrostannya/>. (Data prosmotra: 19.11.2023).

4 **Naumenkova, S., Mishhenko, A.** Cifrovaja finansovaja inkljuzija : vozmozhnosti i ogranichenija dlja Ukrainy [Digital financial inclusion : opportunities and limitations for Ukraine] [Text]. Nauchnyj vestnik Odesskogo nacional'nogo jekonomicheskogo universiteta. –2020. – № 1-2 (274-275). – P. 133-149.

5 Voprosy razvitiya finansovoj inkljuzii v Ukraine [Issues of development of financial inclusion in Ukraine]. [Electronic resource]. – <https://www.ema.com.ua/news/chastina-persha-digital-financial-inclusion-ukrainian-agenda/2022>. (Data prosmotra: 20.11.2023).

6 **Stepanjuk, E.** Zachem nuzhna finansovaja inkljuzija. Liga. Finansy [Why financial inclusion is needed. League. Finance] [Electronic resource]. – 06.07.2018. – <https://finance.liga.net/ekonomika/opinion/ot-lozungov-k-delu-zachem-nujna-finansovaya-inkluziya> (Data prosmotra: 21.11.2023)

7 **Demirgüç-Kunt, A., Singer, D.** Financial Inclusion and Inclusive Growth: A Review of Recent Empirical Evidence. World Bank Policy Research Working Paper. No. 8040. Washington, DC : World Bank. 2017. – 27 p.

8 **Demirgüç-Kunt, A., Klapper, L., Singer, D. and Ansar, S.** Global Findex Database 2017 : Measuring Financial Inclusion and the Fintech Revolution. 2018. World Bank Group. – 131 p.

9 Center for Financial Inclusion ACCION & Christian Blind Mission (CBM). A case for Financial Inclusion of Persons with Disabilities. Technical Guidelines. 2016. – 8 p.

10 **Cheston, S. and Conde, T.** The Business of Financial Inclusion : Insights from Banks in Emerging Markets. Center for Financial Inclusion at Accion. 2016. – 6 p.

11 Svjatov, S.A., Bendjuk D.Ju. Finansovaja inkljuzija : Mezhdunarodnyj opyt i Kazahstanskij kejs [Financial inclusion : International experience and Kazakhstan case] [Text]. Central Asian Economic Review. – 2023. – №2 (149), –P.140-152. – <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-2-140-152>.

12 Qazaqstan Ұлттық Банкінің ресми сайты [Official website of the National Bank of Kazakhstan] [Electronic resource]. – <https://www.nationalbank.kz/ru/page/statistika>. (Qarau күні: 27.11.2023).

13 «Qazaqstannyñ Damu Bankı» AQ ресми сайты [Official site of «Development Bank of Kazakhstan» JSC] [Electronic resource]. – <https://www.kdb.kz/>. (Qarau күні: 01.12.2023).

07.02.24 ж. баспаға түсті.

09.02.24 ж. түзетулерімен түсті.

21.02.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

* Ж. С. Мухаметжанова¹, Р. Д. Досжан², Ж. С. Мухаметжанова³,
Л. А. Куанова⁴

^{1,2,4} Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

³Университет Нархоз, Республика Казахстан, г. Алматы.

e-mail: Zhanar-kz84@mail.ru

Поступило в редакцию 07.02.24.

Поступило с исправлениями 09.02.24.

Принято в печать 21.02.24.

АНАЛИЗ СИТУАЦИИ ФИНАНСОВОГО ИНКЛЮЗИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Доступность финансовых услуг является фактором экономического роста, создания рабочих мест и развития. Доступ к финансовым услугам и их использование может помочь семьям и владельцам малого бизнеса получать доход, управлять нерегулярными денежными потоками, инвестировать в возможности, повышать устойчивость к экономическим спадам и избегать бедности.

Цифровизация, в свою очередь, подразумевает использование цифровых технологий для улучшения и упрощения финансовых процессов. В условиях цифровизации тенденция экономического развития заключается в том, что финансовые услуги доступны через онлайн-платформы и мобильные приложения. Это позволяет

многим людям получить доступ к финансовым услугам, даже если у них нет доступа к традиционным банковским услугам. Цифровизация также повышает эффективность и удобство финансовых услуг за счет сокращения затрат и времени, затрачиваемых на выполнение транзакций.

В статье рассмотрено современное состояние развития финансовой доступности. Изучено состояние развития цифрового финансирования в банковском секторе. По данным АО «Банк Развития Казахстана» проанализирована текущая ситуация на финансовых рынках Казахстана. Также предложена ситуация финансовой инклюзивности в стране, стимулирования и развития предоставления финансовых услуг и продуктов для различных категорий бизнеса путем обеспечения доступа к финансам для людей с ограниченными возможностями.

Ключевые слова: финансовая инклюзия, цифровые финансы, цифровые технологии, финансовые услуги, цифровой банк.

**Zh.S. Mukhametzhanova¹, R.D. Doszhan², Zh.S. Mukhametzhanova³, L.A. Kuanova⁴*

^{1,2,4}Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Narxoz University, Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 07.02.24.

Received in revised form 09.02.24.

Accepted for publication 21.02.24.

ANALYSIS OF FINANCIAL INCLUSION SITUATION IN KAZAKHSTAN

Financial inclusion is a contributing factor to economic growth, job creation, and development. Access to and use of financial services can help families and small business owners generate income, manage irregular cash flows, invest in opportunities, increase resilience to economic downturns, and get out of poverty.

Digitalization, in turn, implies the use of digital technologies to improve and simplify financial processes. The trend in the development of the economy in the context of digitalization is the availability of financial services through online platforms and mobile applications. This allows many people to receive financial services, even if they do not have access to traditional banking services. Digitalization also improves the efficiency

and convenience of financial services by reducing the cost and time required to perform operations.

The article considered the current state of development of financial inclusion. The state of development of digital finance in the banking sector was studied. According to the data of JSC «Development Bank of Kazakhstan», the current situation in the financial markets of Kazakhstan was analyzed. It is also proposed the state of financial inclusion in the country, the issue of stimulating and developing the provision of financial services and products for various categories of business by providing people with disabilities with access to finance.

Keywords: financial inclusion, digital finance, digital technologies, financial services, digital banking.

Теруге 01.03.2024 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4199

Сдано в набор 01.03.2024 г. Подписано в печать 29.03.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 4199

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz